

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК
ЖУРНАЛ

ULAGATTY
USTAZ

ҚР Оқу-ағарту министрлігі
№ 514 бұйрықпен бекітілген

Білім беретін, ғылыми,
танымдық, жарнамалық басылым

МББ аты: Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «ULAGATTY USTAZ»

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі: «Ulagatty Ustaz» ЖШС Алматы қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «ULAGATTY USTAZ»
жарияланған ақпараттардың авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.
Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Астана қаласы Қазақстан Республикасының

Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің

Ақпарат комитеті 2023 жылғы 12 ақпандағы

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік

Басылымды есепке қоюы туралы куәлігі № KZ51VPY00117354 берілген.

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Ulagatty Ustaz» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2026 жыл Телефон: 8 777 087 6843

Ұйғыр тілін оқытудағы тәрбиелік бағыт**ХОДЖАШЕВА МУКАРЯМ РАХИМЖАНОВА****Жетісу облысы Панфилов ауданы.****«Үлкеншыған орта мектебі» КММ****Ұйғыр тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

Ұйғыр тілі пәні – тек тілдік білім берумен ғана шектелмей, оқушылардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыруға, рухани дамуына, адамгершілік қасиеттерін жетілдіруге бағытталған маңызды оқу пәндерінің бірі. Бұл пәннің ерекшелігі – оқыту үдерісінде тіл үйрету, сөздік қорды байыту, грамматикалық дағдыларды қалыптастырумен қатар, әрбір тақырыптың тәрбиелік мәнін ашып көрсетуінде.

Ұйғыр тілін оқыту барысында ұстаз тек білім беруші емес, сонымен бірге тәрбиеші, ұлттық құндылықтарды жеткізуші рөлін атқарады. Сабақтағы әрбір мәтін, әрбір әдеби үлгі жас буынға ұлттық болмысты сезінуге, өз халқының мәдениеті мен тарихын мақтан етуге мүмкіндік береді.

Мысалы, мақал-мәтелдер – халық даналығының мәйегі. Оларды сабақ барысында қолдану арқылы оқушыларды еңбексүйгіштікке, адалдыққа, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға үйретеміз. «Еңбек – ер атандырады», «Адал адам – арынан танбайды» секілді мақалдар жас буынның бойында еңбекке құрмет, адалдық пен әділеттілік сезімін қалыптастырады.

Жырлар мен дастандар – халықтың рухани қуаты мен тарихи жадының айнасы. Олардағы ерлік пен батырлық идеялары оқушыларды отаншылдыққа, елін қорғауға, намысын биік ұстауға тәрбиелейді. Мысалы, батырлар жыры мен тарихи дастандарды оқыту барысында оқушылар халқымыздың басынан өткен қилы кезеңдерден хабардар болып, ел қорғаған ерлердің ерлігін үлгі етеді. Бұл олардың ұлттық мақтаныш сезімін арттырып, болашақта Отанға адал қызмет етуге жетелейді.

Ертегілер мен аңыздар болса, балалардың қиялын дамытып қана қоймай, өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді. Олардың мазмұны жас буынға жақсылық пен жамандықты ажыратуды, адалдықты бағалауды, зұлымдықтан сақтануды үйретеді. Мәселен, ізгі кейіпкер мен зұлым күштердің күресі арқылы бала әділдік пен мейірімділіктің әрқашан жеңетінін түсінеді.

Ұйғыр тілін оқытудағы тәрбиелік бағыт – жас буынның ұлттық сана-сезімін оятып қана қоймайды, сонымен бірге олардың рухани дамуына ықпал етеді. Оқушы өз халқының тарихын, мәдениетін, әдеби мұрасын таныған сайын, өз болмысын терең түсініп, ұлттық құндылықтарды бағалайды. Ал бұл – болашақ қоғамның рухани кемелді, білімді де тәрбиелі азаматтарын қалыптастырудың басты кепілі.

Сондықтан ұйғыр тілі пәнін оқытуда әрбір ұстаз мына мәселелерге көңіл бөлуі қажет:

Тілдік тақырыптарды ұлттық мазмұнмен байланыстыру;

Әдеби шығармалардағы тәрбиелік ойды ашып көрсету;

Оқушыларды ұлттық құндылықтарды сақтауға, құрметтеуге бағыттау;

Сабақтағы әрбір мысалды өмірмен байланыстырып, практикалық мәнін түсіндіру.

Қорытындылай келгенде, ұйғыр тілін оқыту – оқушыларға тілдік білім берудің ғана емес, ұлттық рух пен адамгершілікті бойына сіңірудің, елжандылықты тәрбиелеудің сенімді жолы болып табылады.

Тіл – халықтың жаны, рухани қазынасы. Ұлттың бар болмысы, дүниетанымы, ойлау жүйесі, мінез-құлқы, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы тіл арқылы көрініс табады. Әрбір халықтың тарихы мен мәдениеті оның тілінде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады. Сондықтан ұйғыр тілін оқыту – оқушыларға тек тілдік білім беру ғана емес, сонымен бірге ұлттық мәдениетпен, халықтың рухани дүниесімен таныстырудың да негізгі жолы болып табылады.

Тіл мен мәдениет бір-бірінен ажырамас екі ұғым. Мәдениетті тілсіз елестету мүмкін емес, өйткені халықтың барлық өмір салты, тұрмыс-тіршілігі, ой-пікірі, наным-сенімі тілде таңбаланып қалады. Ұйғыр тілін үйрету барысында оқушы тек сөздік қорын байытып қана қоймайды, сонымен қатар өз халқының ән-жырын, тарихын, тұрмыс-салтын, дәстүрлі өнерін, ұлттық дүниетанымын бойына сіңіреді.

Ұлттық мәдениетті дәріптеу үшін тіл сабақтарында мынадай тәсілдер тиімді қолданылады:

Халық әндері мен жырларын тыңдату. Бұл тәсіл оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастырады, ұлттық өнерге деген қызығушылығын арттырады. Әндердегі мазмұнды сөздер арқылы оқушы тілді меңгерумен қатар, халықтың көңіл-күйін, арман-мұратын сезінеді.

Дәстүрге байланысты мақал-мәтелдерді талдау. Мақал-мәтелдер – халық тәжірибесінің айнасы. Оларды сабақта пайдалану арқылы оқушылар халық даналығын танып, өмірге қажетті тәлім-тәрбиелік ойларды меңгереді.

Салт-дәстүрге қатысты мәтіндермен жұмыс істеу. Ұйғыр халқының тұрмыс-салт дәстүрлері туралы мәтіндер оқушыларға халықтың тұрмысын, ұлттық болмысын таныстырады. Бұл – тілді оқытудың практикалық жағын байыта түсетін тиімді әдіс.

Ұлттық ойындарды сабақта қолдану. Ұлттық ойындар – жас буынды бірлікке, тапқырлыққа, шапшандыққа тәрбиелейтін құрал. Оларды тіл сабақтарына енгізу арқылы оқушы ойын үстінде жаңа сөздерді меңгереді, тілдік дағдыларын дамытады, сонымен бірге халық мұрасына жақындай түседі.

Осының бәрі оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, өз халқының тарихы мен мәдениетіне деген мақтаныш сезімін қалыптастырады. Сабақ барысында тіл мен мәдениетті ұштастыра отырып оқыту – жастардың бойына елжандылық пен ұлттық рухты сіңірудің сенімді жолы.

ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

ИЛЬЯСОВА ЛЯЗЗАТ ТАЛГАТҚЫЗЫ **Атырау қаласы, Жалпы білім беретін** **Алмалы орта мектебінің** **тарих пәнінің мұғалімі**

Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару Бүгінгі таңда жүзден астам білім беру технологиялары бар.

Жаңа психологиялық-педагогикалық технологиялардың пайда болуының негізгі себептерінің арасында мыналарды бөлуге болады:

- білім алушылардың психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін тереңірек есепке алу және пайдалану қажеттілігі;
- тиімділігі төмен ауызша сөзді ауыстырудың шұғыл қажеттілігін түсіну
- жүйелі-әрекеттік тәсілмен білім берудің (ауызша) тәсілі;
- кепілдендірілген оқу нәтижелерін қамтамасыз ететін оқу процесін, мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекеттестіктің ұйымдастырушылық формаларын жобалау мүмкіндігі.

Қазіргі уақытта “педагогикалық технология” ұғымы әртүрлі түсіндіріледі.

Көп тараған анықтама В.П. Беспалько ұсынған: ол педагогикалық технология оқу мен тәрбие процестерінің (теориялық негізделген) еске түсіру барысында қолданған құралдар мен әдістер жиынтығы, олар білім мақсатын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық технология қол жеткен жетістіктерді сатылы өлшеу мен қорытынды бағалаудың объективті мүмкіншілігін жеткілікті дәрежеде сақтайтын мақсаттары мен тапсырылған оларға сәйкес ғылыми жобалардың болуын қалайды. Бірақ бұл анықтамадағы көрсетілген бір–бірімен тәуелсіз және дербес өмір сүруін оқыту және тәрбие процестері болады деген оймен келісу қиын. Тұлға дегеніміз тұтастай тұратын құрылым, және ол біртұтас педагогикалық процеспен байланысты. (Ильин В.С.), демек педагогикалық технологияда осы педагогикалық процестің басты белгісіне сәйкес болуы керек.

Педагогикалық технологияда берілген басқа да анықтама бар, ол: оқыту процесін жүзеге асырудың мазмұндық техникада (В.П. Беспалько), педагогикалық ұйымдастыру мен жүзеге асырудың жобасы (алгоритмі), оқыту процесін ұйымдастырумен жүргізуді жобалау барысындағы бірлескен педагогикалық іс–әрекетінің моделі (В.М.Монахов), барлық сабақ беру процесін жасаудың, қолданудың және анықтаудың жүйелі әдісі, білімді меңгерудегі техникалық және адам және олардың өзара әрекеттерін ескеру

(ЮНЕСКО), мазмұнын қорытындылау (Г.К.Селевко). В.Н.Бордовская мен А.А.Реанның көрсетуінше білім беру технологиялары дегеніміз бұл білім беру процесіндегі ұстаздар мен оқушылардың жүйелілік іс-әрекеттеріне, ол мақсат мазмұн әдістерді ұйымдастырудың белгілі бір нақтылы принциптері мен өзара байланыстылығына сай нақталы идея негізінде болады.

Педагогикалық технологияның міндеттері:

- әр түрлі қызмет саласындағы іскерлік пен дағдылардың шыңдау, білімнің тереңдігін, беріктігін арттыру;
- мінез – құлықтағы әлеуметтік құнды әдеттер мен формаларды нығайту және арттыру;
- технологиялыққұрал-саймандар мен жұмыс істеуге үйрету;
- технологиялық ойлау дағдыларын дамыту;
- оқу міндеттері мен қоғамдық пайдалы еңбек ұйымдастыруда оқыту технологиясы сабақ беру әдістемесімен салыстырғанда, оқушылардың өздерінің іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдері және мазмұнын өндіруді көрсетеді.

Олар диагностикалық білім маңыздылығын және оқыту процесінің қасиеттерінің жалпы оқушылардың тұлғасын дамытуға бағытталған объективті бақылауын қажет етеді.

Педагогикалық технологиялар білім мазмұнын саралауды, жеке бағдарлауды, оның белсенділік сипатын, оқу, танымдық, коммуникативті, практикалық, шығармашылық іс-әрекет тәсілдерін қалыптастыруға, оқушылардың осы іс-әрекеттің тәжірибесін алуға бағытталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, негізгі құзіреттіліктерді қалыптастырады оқушылардың алған білімдерін, дағдыларын өмірде қолдануға мүмкіндік береді.

Педагогикалық технология әр түрлі жағдайлардағы нақты өзара іс-қимылдарды, жүйеленген, бағдарланған, оқыту және тәрбиелеу стандарттарына сай тәсілдер негізінде компьютер мен техникалық құралдар қолдану арқылы да ұйымдастырылады. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің құрылымдарында оқытудың айқындалған көптеген технологияларын пайдаланып жатқандығы белгілі. Болашақ маманға тәжірибе беруде ақпаратпен жұмыс істеу әдістеріне, жаңа білімдерді құру әдістеріне, ең маңыздысы – әлемнің дамуы туралы білімдердің қажетті деңгейін қалыптастыратын әдістерге үйрету.

Бүгінгі таңдағы білім беру – өсіп келе жатқан ұрпақтың ақыл-ойы мен дамуының, мәдениетінің деңгейін анықтаушы фактор. Білім берудің негізгі мақсатына қатысты қазіргі қоғамда жаңа ұғым пайда болды.

Мұғалім ең алдымен оқушыда өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыруға ат салысу керек. Өйткені, бұл тұлғаны ұлттық және әлемдік мәдениетке үйлесуге апаратын сара жол. Бүкіл дүние жүзіндегі болып жатқан осындай құндылықтардың өзгеруі жаңа ғасырға жас ұрпақты дайындау міндетімен байланысты. Біздің қоғамға жаңа мағлұматтарды қабылдап қана қоймай, оны ойлана отырып, ой елегінен өткізе білетін оқушылар керек.

Яғни, оқушылар мағлұматтар мен идеяларды өз беттерімен, тәуелсіз меңгеріп, осы алған мәліметтері пайдалы болатындай ойланулары керек.

Олар жаңа идеяларды әр түрлі көзқараспен зерттеп, шынайылығы мен пайдасын талқылап, идеяның жалпы құндылығын анықтай алулары қажет. Жиырма бірінші ғасырға аяқ басқан жас ұрпақты жарқын болашақта лайықты өмір сүруге жақсылап дайындау білім беру саласында қызмет атқарып жүрген кез-келген маман үшін кезек күттірмейтін мәселе.

Сондықтан баланың білім алуға деген құштарлығын ояту үшін қазіргі заманда мұғалім көп ізденіп, сабақтың тиімді өтуіне жұмыс жасауы қажет.

Білім сапасы оқушының білімге деген құштарлығымен, қызығушылығына тікелей байланысты. Диалогтік оқыту арқылы оқушылардың қызығушылығы артып, олардың білім деңгейі көтеріліп, сөйлеу мәдениеті қалыптастасады.

Мұғалімдер оқытудың диалогтік әдістерін енгізуге арналған тәсілдерді тиімді педагогиканың бөлігі ретінде қарастырады. Мысалы, жауап алу және топпен жұмыс жасау арқылы. Тиімді педагогиканың басты тәсілі - әр оқушыны жеке тұлға ретінде қарастыру. Мұғалімнің міндеті барлық оқушылардың білім алу, мақсатқа жету мен сынып өміріне қатысу қабілеттерін арттыру үшін оны тұлға ретінде дамытуға ерекше назар аудару болып табылады.

Әңгімелесу мұғалімдер балалардың оқуға деген ынтасын оята алатын пәрменді тетік. Сыныпта диалогті қолдану арқылы мұғалімдер балалардың білім алу сапасына үлкен ықпал ете алады. Балалардың білімі мен идеясын анықтауға бағытталған шынайы әрекет оларды оқыту үдерісіне мейлінше тартуға көмектеседі. Диалогтік әдістерді қолдану саласындағы теориялық білім, оларды жауап алу, шағын топтардағы жұмыс сияқты түрлерде қолдану балалардың білімін жақсартуына мүмкіндік береді.

Оқушының білім деңгейін дамытуға әлеуметтік қолдау көрсетуде мұғалімнің рөлі ерекше. Егер де оқушылар көп оқыған, көп білетін адамдар мен және бұл рөлдер де сыныптастарымен мұғалімдері, достары, ата-аналарымен диалог жүргізуге мүмкіндік жасап, сұхбаттасып отырған жағдайларда білім беру жеңілдірек болмақ.

Қазіргі кездің өзінде оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда әкелетініне көптеген дәлелдер бар.

Оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруге мүмкіндік береді, әртүрлі пікірлерді оқушылардың түсінуіне көмектеседі, оқушылардың өз ойларын, ұсыныстарын, көзқарастарын дәлелдеуіне көмектеседі.

Мұғалім жағынан білім беру барысында сұрақ қою арқылы оқушылардың білім деңгейін түсінуге мүмкіндік туады.

Пікір алмасу оқушылармен диалог құру арқылы іске асады. Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу оқушылардың білім алуының ажырамас бөлшегі болып табылады және әңгімелесудің үш түрі бар.

1. әңгіме-дебат
2. топтық әңгіме
3. зерттеушілік әңгіме

Осылардың ішінен мен сабағымда жиі қолданылатыным топтық әңгіме және зерттеушілік әңгіме. Барнс пен Мерсер зерттеушілік әңгіме мұғалімдердің оқушыларды әңгімеге тарту кезінде оларды өзара дамыту қажет болып табылатын әңгіменің түрі деп айтқан.

Ендеше, оқушылардың өзара әрекет дағдыларын дамытудың бір тәсілі топтарға берілген ортақ проблемалар арқылы түйінді шешімге келетіні анықталды. Мысалы, мәтіндерді оқып олардың негізгі идеясын анықтауда өзара кеңесіп, талдап, талқылап ортақ шешімге келіп, түсіндірді. Кластерге түсіріп, тақырыптарын қорғады.

Оқушылардың өзара әрекет дағдыларын дамытудың тағы бір тәсілі оқушылардың бір-біріне сұрақ қоюы. Егер де сұрақ дұрыс қойылған болса сабақ берудің, білім берудің тиімді құралына айналып, оқушылардың білім алуына жағдай жасайды.

Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізу үшін мұғалімдер қолданатын сұрақтың екі түрі бар: төмен дәрежелі сұрақ қою және жоғары дәрежелі сұрақ қою болып табылады.

Сұрақты оқушылардың білім алу қабілеттеріне сәйкес құр, іс қажет және түрлі мүмкіндіктеріне қарай оқушылардың білім деңгейіне қарай сұрақтарды саралауға болады. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақтар түрткі болу, сынақтан өткізу және қайта бағыттау сұрақтары болуы мүмкін.

Түрткі болуға арналған сұрақтар бірінші жауап алу үшін және оқушының жауабын түзету үшін қажет. Сұрақты қарапайым етіп қою өткен тақырыпқа оралу ойға салу, дұрысын қабылдап және толық жауап беруге жол сілтейді. Сынақтан өткізу сұрақтары оқушыларға толық жауап беруге, өз ойларын анық білдіруге, өз ойын дамытуға көмектесетіндей болып құрылады.

Қайта бағыттау сұрақтары басқа оқушыларға сұрақты қайта бағыттау.

Сабақта диалогты оқыту оқушыларды тақырып бойынша сындарлы сөйлеуге ынталандырады, қызығушылығын анықтайды, білімге деген құштарлығын дамытады, зерттеуге жол ашады, сыни тұрғыдан ойлауға көмек береді, бірін бірін тыңдауға, пікірлерін құрметтеуге, бағалауға, ойларын жинақтауға, саралап қорытындылауға мүмкіндік болады.

Басында қойылатын сұрақтар ғана емес, сонымен оқушылардың жауаптарымен мұқият танысқаннан кейін туындайтын сұрақтың да маңызы зор. Диалогты әңгімеде мұғалім сұрақтары және оларға берілген жауаптар ғана емес, сонымен қатар оқушылардың сұрақтары да маңызды.

Тіл үйренуші үшін диалогтың маңызы өте зор. Күнделікті бала өмірінде жиі қолданыста жүрген сөздерді пайдалана отырып сөйлесу тілді тез меңгеруге мүмкіндік береді. Қазақ тілінде сөйлеуге үйрету сапалы болу үшін диалогты әр түрлі жағдаятта ұйымдастыру керек.

Әсіресе, жұп пен жұптың, топ пентоптың арасындағы диалогтарды енгізген ұтымды. Оқушылар тілдесу арқылы ой бөліседі, жөн сұрасады. Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамытатын әдістердің бір түрі топтық жұмыс болып табылады.

Бала алдымен тапсырманы жеке орындайды, содан соң жұпта, топта талқылайды. Яғни, олардың шығармашылық белсенділіктері дамиды, өз ойларын толық жеткізуге машықтанады, сөздік қорлары молаяды.

Мұғалім баланың алған білімі жөнінде тереңірек мәлімет ала алады. Диалогтік әдісті жұппен жүргізген тиімдірек пе деп ойлаймын. Жақсы оқитын оқушылар мен нашар оқитын оқушылар бір жұпта жұмыс жасауда нашар оқитын оқушылар жақсы жауап береді. Оқушылар бір-бірін білім алуға жетелейді. Жұппен талдау жасап болғаннан кейін оқушылар өз түсінгендерін топпен талқылап, өз дәлелдерімен пікір алмасады.

Бұл оқушылардың өзара топтық әңгіме арқылы ой-пікірлерін қалыптастырып, сыни тұрғыдан ойлауын дамытады. Сабақ барысында оқушыларға әр түрлі мазмұндағы сұрақтар қоюға тырыстым. Әсіресе сұрақтардың оқушы ойлауын дамыту мақсатында қойылуына ерекше назар аударамын. Бұл әдісті сабақтың кезеңдерінің барлығынан көруге болады.

Жаңа тақырыпқа көшпес бұрын СТО модулінің «Ой қозғау» әдісі бойынша сұрақтар қойып, жаңа тақырыпты ашуда, бекіту кезеңінде «Блиц» турнир өткізіп, рөлдік ойындар кезінде, бағалау, рефлексия өткізуде сұрақ-жауап әдісі қолданылады.

Сұрақ қою арқылы мұғалім:

-оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады.

-оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды.

-білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады.

-оқушыларға білімін қалыптастыруға және вербалдандыруға көмектеседі.

-оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді.

-оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауға көмектеседі.

-оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді.

«Балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды мақсат» К.Д.Ушинский сөзін ескере отырып, диалогтік тәсілдің оқушылардың ашылуына, ойын жеткізуіне, сөздік қорының молаюына көмектесетінін түсіндім. Бұл әдіс мұғалімнің жұмысын түбегейлі өзгертеді. Жаңа білім алу үрдісі оқытушы мен оқушыға шығармашылықпен жұмыс жасауға итермелейді, себебі оқушы білімді өздігінен іздену арқылы алу керек болса, мұғалім оқушының білім алуына себептер, жағдайлар тудыру керек.

Жаңа инновациялық технологияның басты тиімділігі

ЖЕКСЕНОВА ҚЫМБАТ ОРАЗҒАЛИҚЫЗЫ

Атырау қаласы, Жалпы білім беретін

Алмалы орта мектебінің

мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі

Еліміздің мәртебесінің биік болуы қоғам мүшелерінің келешек ел қожасы – жас ұрпақтың белсенділігі мен іскерлігіне тікелей байланысты болмақ. Қазіргі таңда еліміздің келешегін, нағыз өз елін сүйетін, әдет-ғұрпын, салт-санасын қастерлейтін ұрпақты тәрбиелеу - біздің басты парызымыз. Жас жеткіншектерді тәрбиелеуде, білім беруде алдына қойған басты мақсат - білім беру мен тәрбие үрдісіне инновациялық қызметті енгізу арқылы білім сапасын арттыру, өз ұлтының тарихын, мәдениеті мен тілін қастерлейтін және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін ұлтжанды тұлға тәрбиелеу.

Қазір еліміз өркендесін, өссін деген саналы адамның ойында алдымен Елбасының елу елдің қатарына қосылуы туралы зор мақсаты тұр. Қазір мемлекетіміздің басшысы ғылымды да, білімді де осы мақсат жолына бағыштап отыр. Президент Жолдауындағы білім алдына қойылған міндеттер өте маңызды. Егер біз жоспарлар мен іс-әрекеттерімізде жүйелік пен іскерлікке жетсек, онда бұл міндеттерді орындау әбден мүмкін.

Қазіргі инновациялық технология туралы айтатын болсақ, технология грек сөзінен, яғни өнерпаздық, шеберлік, іскерлік деген ұғымды білдіреді. Инновация дегеніміздің өзі жаңалықты енгізу, жаңалық әкелу, жаңа әдістеме мен жаңа технология. Орыс педагогі К.Д. Ушинский айтқандай, «Қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз».

Жаңа инновациялық технологияның басты тиімділігі бұл оқытушыға оқу үрдісін түбегейлі өзгертуге, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, білім алушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге және қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасайды.

Қазіргі заманның даму қарқыны балалардың шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді.

Бүгінгі күні Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Педагогика ғылымында баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылыс көбеюде. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде педагогтардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі - маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан да балалардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны

калыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді. Бүгінгі мақсат - әрбір балаға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау.

«Халық пен халықты теңестіретін - білім» - деп қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай, білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу - біздің мақсатымыз. Сондықтанда жаңа жаңалықтардан қалмай жаңалық жаршысы болуымыз керек. Бұл мақсаттарға жету үшін педагогтің ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа технологиялар қолдану қажеттілігі туындайды. Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту - таным әрекетін ұйымдастырудың ұтымды формасы. Мақсаты-оқу үрдісінің өнімділігін арттыру. Инновациялық технологияны қолдану: оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы іске асады. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар, баланы оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Нақты мақсатқа қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен жетуге болады? Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже - жаңалыққа бет бұрудың кілті

Инновациялық үрдістің негізі - жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез -келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір педагог үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа педагог үшін өтілген материал тәрізді. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты-ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Бала болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Қазіргі таңдағы білім беру инновациялық технология түрлері:

1. Денсаулық сақтау технологиясы
2. Жобалы-іс шығармашылық технологиясы
3. Зайцев технологиясы
4. Әуенді кесте технологиясы
5. Дамыта оқыту технологиясы
6. Ақпараттық қатынастық технология

7. Ойын технологиясы

8. ТРИЗ технологиясы.

Дамыта оқытудың нәтижелі болуы тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы жаңаша қарым-қатынас арқылы ғана өз жемісін береді. Бүгінгі күн бәсекелестік пен жоғары технологияның, ғылым мен білімнің заманы.

Сондықтан оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану әрбір ұстаздың міндеті.

Аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескерген, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.

Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Жаңашыл тәрбиеші даярлауға қойылатын талаптар студенттерді оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларын игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді.

Қорыта келгенде, аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн деп санаймын.

Әдебиеттер.

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» Жолдау.
2. Б.А.Тұрғынбаева. «Дамыта оқыту технологиялары» // Алматы, 2000 ж.
3. Құдайбергенова К.С. Инновациялық тәжірибе орталығы – педагогикалық технология көзі // Алматы 2001 - 75 б.
4. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде // Алматы – 2006ж. 4-5 бет.
5. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі - сапалы білім // Қазақстан мектебі № 4. 2008ж.

Технологиялық дәуір ұрпағы

КӨШКІМБАЕВА ҚЫМБАТ БАУЫРЖАНҚЫЗЫ
Шығыс Қазақстан Облысы.
Зайсан қаласы. Дайыр ауылы.
«Мукарама атындағы мектеп-балабақша кешені»
Тәрбиеші

Бүгінгі таңда балалардың қызығушылығы күн санап артып келеді. Әр бала әр бағыта жұмыс жасағанды ұнатады. Бір баланың шығармашылық жақтан беймі бар екенін байқасаң ал екінші баланың зерттеуге қызығушылығы бар екендігін көруге болады. Сол себептен мен бүгінгі педагогикалық идеяға балаларды жан жақты дамыту мақсатында тәжірибелік сабағымды алып келдім.

Мақсаты:

Заман талабына сай жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелеу, тұрмыстық электр құралдары мен қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. Ертегілер арқылы сөздік қорларын дамытып, судағы бояулар арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Міндеті:

AR сторис технологиясы енгізген ертегі пазылдары.

Тұрмыстық техникалық құралдарды таныуға, электр құралдарының адам өміріне келтірер пайдасын және қауіптілігін түсіндіру.

Су бетінде бояу арқылы өрнек жасау әдісін таныстыру арқылы баланың қиялын дамыту, Зейінін, шыдамдылық пен қол икемін дамыту.

Кіріспе бөлім:

Біз іс-әрекетімізді бастамас бұрын балаларды топтарға бөліп аламыз.

Қоларына түскен картинкадағы суреттер тұрған үстелге бөлінеді.

Ертегі кейіпкері бар сурет .

Электр құралдары

Судағы бояулар.

Негізгі бөлім:

Топ:

AR технологиясы енгізген ертегі пазылдарынан топқа бөлінгенде қолына түскен ертегіні құрастырып планшет немесе телефонның көмегімен камерасын қосып ертегіні көріп, сол ертегіден түсінгенін әңгімелей отырып ,шарикті жерге домалатып алмай ертегіні соңына жеткізу керек.

Топ:

Электр құралдарының суреттерін бояп ,оның пайдасын және қауіпсіздігін айта отырып тәрбиеші балаға бұл заттар қалай жұмыс істейтінін түсіндіреді. Балалар батареика, сым және шам арқылы өз суретінің астыңғы жағына кішкентай электр тізбегі орнатады:

- Шайнек – аузы жанады
- Кір машина – мотормен айналады
- Желдеткіш – қозғалады
- Көше шамы – жанады

- Балалар үлкендердің көмегімен осындай қауіпсіз зертханалық жұмыстар жүргізуге болатындығын түсінеді.

3. Топ. Судағы бояулар.

Тәрбиеші балаларға жұмыс барысын түсіндіреді:

1. Су бетіне бояуды тамызады
2. Ағаш таяқшамен өрнек жүргізеді
3. Ақ қағазды су бетіне жайлап салады
4. Сәл күтіп, қағазды шығарады – салған өрнегіміз дайын болады.

Келесі кезекте балалар өз беттерімен жұмыс жасайды:

- Балалар өз түсін таңдап, су бетінде өрнек салады
- Жасаған суретін кептіруге қояды .

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

- AR технологиясы арқылы ертегі әлеміне еніп, шығармашылық пен тіл байлығы дамиды.

- Қарапайым электр тізбегін құрастыру арқылы зерттеу қабілеті артады.

- Қауіпсіздік ережелерін меңгереді.

- Топпен жұмыс істеу, талқылау, шешім қабылдау сияқты коммуникативтік дағдылар қалыптасады.

- Балалар су бетінде жұмыс істеу дағдысын меңгереді

- Қиялы дамиды, түс таңдауы жақсарады

- Ұқыптылық пен шығармашылыққа қызығушылығы артады

**Биология сабағында
ерекше балаларды оқытуда заманауи
педагогикалық технологияларды қолдану**

**МҰРЫМБАЕВА ЖҰПАР НҰРДАУЛЕТҚЫЗЫ
Жетісі облысы, Панфилов ауданы, Үлкеншыған аулы
«Үлкеншыған орта мектебі» КММ
Биология пәні мұғалімі**

Қазіргі білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру ерекше орын алады. Ерекше білім беруді қажет ететін (ЕББҚ) оқушыларды жалпы білім беретін ортаға бейімдеу — педагогтың кәсіби шеберлігі мен заманауи педагогикалық технологияларды тиімді қолдануына тікелей байланысты. Биология пәні — табиғат құбылыстарын тәжірибе арқылы түсіндіруге мүмкіндік беретін ғылым, сондықтан ЕББҚ оқушыларды оқытуда түрлі

әдіс-тәсілдерді қолдануға кең жол ашады.

Мақсаты

- Ерекше білім беруді қажет ететін (ЕББҚ) оқушылардың психопедагогикалық ерекшеліктерін түсіндіру;
- Инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру жолдарын талдау;
- Биология немесе жалпы пәндерде ЕББҚ балалармен тиімді жұмыс стратегияларын көрсету;

Міндеттері

- Оқушылардың ерекшеліктерін ескеретін оқыту әдістерін қарастыру;
- Сараланған оқыту, адаптация, модификация тәсілдерін түсіндіру;
- Заманауи технологияларды (цифрлық құралдар, ойын әдістерін) қолдану жолдарын ұсыну;
- Инклюзивті сыныпта мұғалім–оқушы–ата-ана арасындағы тиімді қарым-қатынас модельдерін көрсету.

1. Ерекше балалардың оқу ерекшеліктері

ЕББҚ оқушылар үшін маңызды:

- ақпаратты қабылдау қарқыны әртүрлі болуы;
- көру, есту, моторлық, зейін және есте сақтау қабілеттерінің ерекшелігі;
- қысқа әрі нақты тапсырмаларды қажет етуі;
- визуалды, практикалық материалдарды көп қолдану қажеттілігі.

Биология пәнінде бұл ерекшеліктерді ескеру оқушының оқу жетістігі мен пәнге деген қызығушылығын арттырады.

2. Заманауи педагогикалық технологияларды қолдану

2.1. АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар)

- Интерактивті тақта, 3D-анимациялар, виртуалды лабораториялар.
- Биологиялық үдерістерді (жасушаның бөлінуі, тыныс алу, фотосинтез) көрнекі көрсететін қысқа бейнелер.
- Kahoot, Quizizz арқылы жедел кері байланыс алу.
- Электронды оқулықтар, аудиоматериалдар

Артықшылығы: визуалды материал есте сақтауды жақсартады, күрделі тақырыптарды жеңілдетеді.

2.3. Саралап оқыту технологиясы

ЕББҚ балаларға ең тиімді тәсілдердің бірі:

- мазмұн бойынша саралау (қарапайым → күрделі);
- тапсырма көлемі бойынша саралау;
- қолдау бойынша (қадамдық нұсқаулық, визуалды тірек, дайын үлгі).

Мысалы:

- Бір оқушы өсімдік жасушасын атауларымен сәйкестендіреді.
- Екіншісі жасуша бөліктерінің қызметін түсіндіреді.
- Үшіншісі сызба арқылы жасушаның құрылымын көрсетеді.

2.4. Жобалық және зерттеу әдісі

ЕББҚ оқушыларға шағын, нақты жобалар беру тиімді:

- «Бөлме өсімдіктерінің өсуіне жарықтың әсері»
- «Су ластануының тіршілікке әсері»
- «Жемістің құрылысы» (макет жасау)

Артықшылығы: практикалық дағдыларды дамытады, қызығушылық туғызады.

2.5. Ойын технологиялары

- Биологиялық домино
- «Кім жылдам?»
- Жасуша бөлшектерін құрастыру ойыны
Ойын арқылы оқыту — ЕББҚ балалардың мотивациясын арттырудың ең тиімді жолдарының бірі.

3. Ерекше балалармен жұмыста қолдануға болатын практикалық әдістер

- Қысқа, нақты нұсқаулық беру
- Көп визуалды материалдар: схемалар, суреттер, пішіндер
- Деңгейлік тапсырмалар
- Жұмыс парақтары (worksheet)
- Топтағы рөлдік бөлініс (көшіру, кесу, жапсыру, белгілеу)
- Қадамдық бағалау («мен жасай алдым», «көмек қажет»)

Қорытынды

Биология сабағында ЕББҚ оқушыларды оқытуда заманауи педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану — олардың пәнді меңгеруін жеңілдетіп қана қоймай, білімге деген ынтасын арттырады, өзіне деген сенімділігін қалыптастырады. Педагог тарапынан дұрыс ұйымдастырылған оқыту процесі әрбір оқушының мүмкіндігін ашуға жағдай жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамасы.
3. Әбілқасымова А.Е. *Қазіргі педагогикалық технологиялар*. – Алматы: Мектеп, 2020.
4. Сүлейменова Р.А. *Инклюзивті білім беру негіздері*. – Алматы, 2019.
5. Жұмабаева Н.Қ. *Арнайы педагогика және инклюзивті оқыту*. – Нұр-Сұлтан, 2021.
6. UNESCO. *Inclusive Education and Innovation in Teaching*. – Paris, 2018.

Смарт бала – заманауи дәуір баласы

КОНДЫБАЕВА БАҚЫТГҮЛ ӘБЕНОВНА
Шығыс Қазақстан Облысы Зайсан қаласы. Дайыр ауылы.
«Мукарама атындағы мектеп-балабақша кешені»
Тәрбиеші

Мақсаты:

- Баланың мамандықтар туралы түсінігін кеңейту;
- Өз қалауы бойынша ойнау, зерттеу, әңгімелесу дағдыларын дамыту;
- Ақпараттық технологияны (QR-код, AR) тиімді қолдану арқылы қызығушылығын арттыру.

Әдіс-тәсілдер: ойын, сұрақ-жауап, зерттеу, топтық жұмыс, технологиямен танысу

Құралдар: "Жанданатын қорапша" – әртүрлі мамандықтарға арналған заттар (QR-коды бар), планшет немесе телефон (сканерлеу үшін), маман киімдері, құрылғылар, ойыншық құралдар.

1. Ұйымдастырылған іс -әрекет

– Шаттық шеңбері: «Мен кім болғым келеді?»

– Балалар кезекпен өз армандаған мамандығын атайды.

2. Қызығушылықты ояту

– "Сиқырлы қорапша " (жанданатын қорапша) көрсетеді.

-Балалар мына әдемі қорапшалар арқылы сендер әр мамандықтар туралы танысасындар .

-Шаштараз болып ұл балада , қыз балада бола алады .

-Шаштараз адамдардың шаш үлгісін өзгертіп ,оларға әр түрлі күтім көрсетеді.

-Аспазшы мамандығы түрлі дәмді тамақтар пісіреді.

-Тамақтардың түрлері өте көп және де әр ұлттың тамақтары алуан түрлі .

-Тігінші мамандығы әдемі сән үлгілерін қолданып киім тігеді.

-Жедел жәрдем мамандығы, адамдар ауырып қалғанда алғашқы көмекті көрсетеді.

-Олар күніз де ,түнде де жұмыстарын тоқтаусыз атқарады .

-Сергіту сәті

-«Қара жорға» әні(балалар қара жорға биін тәрбиешіге қарап қайталайды)

-Жарайсындар балалар қандай әдемі қазақтың ұлттық биін биледіндер.

-Балалар мына қорапшалардың ішінде «Менің отбасым» қорапшасы да бар.

-Сендер әр үйден осы балабақшаға келесіндер.

-Сендердің әже,ата,мамаларың,папаларың аға,бауыр,қарындастарың бар, міне сол үйдің адамдары сендердің отбасыларың.

-Қорапшалардың көптігінің сонша мұнда сандар қорапшасы да бар екен.

"Смарт бала – заманауи дәуір баласы жанданатын қорапша (AR технологиясы) қолданылады

– Әр бала өзі таңдаған мамандық бойынша қораптың сыртындағы QR-кодын сканерлейді.

– Телефон арқылы сол мамандық туралы 3D сурет немесе қысқа бейне көрінеді.

3. Зерттеу және ойын

– Балалар 2-3 адамнан топтасып, өздері қалаған мамандық бұрышына барады.

– Сол жерде рөлдік ойын ойнайды (дәрігер – емдейді, аспаз – тамақ жасайды).

– Тәрбиеші бақылап, қажетті бағыт береді, сұрақтар қояды:

«Бұл маман не істейді?», «Саған бұл рөл ұнай ма?», «Неліктен таңдадың?»

4. Еркін шығармашылық бөлімі

– Балалар өз мамандығына байланысты сурет салады немесе құрал жасап көреді.

– Қалағандары қысқа көрініс ойнап көрсетеді.

5. Қорытынды

– «Маған не ұнады?» – балалар өз әсерімен бөліседі.

– «Смарт бала қандай болады?» – қысқа пікірлер.

Күтілетін нәтиже:

- Балалар мамандықтар жайлы нақты әрі бейнелі түсінік алады.

- Өз еркімен таңдау жасауға, топпен ойнауға, сөйлеуге дағдыланады.

- Технологиямен қауіпсіз, тиімді жұмыс істеуді үйренеді.

МАЗМҰНЫ

- ❖ ХОДЖАШЕВА МУҚАРЯМ РАХИМЖАНОВА
- ❖ ИЛЬЯСОВА ЛЯЗЗАТ ТАЛГАТҚЫЗЫ
- ❖ ЖЕКСЕНОВА ҚЫМБАТ ОРАЗҒАЛИҚЫЗЫ
- ❖ КӨШКІМБАЕВА ҚЫМБАТ БАУЫРЖАНҚЫЗЫ
- ❖ МҰРЫМБАЕВА ЖҰПАР НҰРДАУЛЕТҚЫЗЫ
- ❖ КОНДЫБАЕВА БАҚЫТГҮЛ ӘБЕНОВНА